08.00-8.40	**Дәрумен тарату, 4 блоктың сан. жағдайын тексеру – кезекші дәрігер** Цифрлық сауаттылық Дюсупова А. 4 блок 101 каб	**5 блоктың сан. жағдайын тексеру – кезекші дәрігер** **Галотерапия** **Фитотерапия**	**3 блоктың сан. Жағдайын тексеру – кезекші дәрігер** «Тылсым бейне» тәрбие сағаты	**5 блоктың сан. жағдайын тексеру – кезекші дәрігер** Қозғалыс ойындары Трофимова Л.Н	**Асхананың сан-гигиеналық жағдайын тексеру** «Тылсым бейне» тәрбие сағаты
08.45 - 09.25	**Жеке физио емдік шаралар** «Қазақтың ұлттық тағамдары» тәрбие - сағаты	Жеке физио емдік шаралар Цифрлық сауаттылық 4 блок 101 каб Дюсупова А.	**Дәрумен тарату** **Галотерапия** **Фитотерапия**	**Жеке физио емдік шаралар** «Тылсым бейне» тәрбие сағаты	Дәрігердің бақылауы Қозғалыс ойындары Трофимова Л.Н
09.30 – 10.10	Дәрігердің бақылауы Подвижные игры Трофимова Л.Н	**Жеке физио емдік шаралар** Ата-аналармен сөйлесу уақыты	**Жеке физио емдік шаралар** Цифрлық сауаттылық 3 блок 101 каб Дюсупова А.	**Дәрігердің бақылауы** Ата-аналармен сөйлесу уақыты	**Жеке физио емдік шаралар** **Галотерапия** **Фитотерапия**
10.10 – 10.40.	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**
10.40-11.20	**Дәрігердің бақылауы** **Галотерапия** **Фитотерапия**	Дәрігердің бақылауы Қозғалыс ойындары Трофимова Л.Н	**Дәрігердің бақылауы** Ата-аналармен сөйлесу уақыты	**Дәрумен тарату** Цифрлық сауаттылық 5 блок 101 каб Дюсупова А.	**Жеке физио емдік шаралар** Ата-аналармен сөйлесу уақыты
11.20-12.00	**физио кезекші медбикежеке емдік шаралар** Ата-аналармен сөйлесу уақыты	**Дәрумен тарату** «Тылсым бейне» тәрбие сағаты	физио кезекші медбикежеке емдік шаралар Қозғалыс ойындары Трофимова Л.Н	**физио емдік шаралар** **Галотерапия** **Фитотерапия**	**Дәрігердің бақылауы** Цифрлық сауаттылық 5 блок 201 к ДюсуповаА.
12.10-12.45	**Түскі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері(1,3,4 топ) Шағым бойынша қабылдау (2, 5 топ)**				
13.00-13.20	**Түскі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (2, 5 топ) Шағым бойынша қабылдау (1, 3, 4 топ)**				
13.00-14.30	**Күндізгі ұйқы.Жауапты - топ тәрбиешілері.**				

14.30- 15.00	**Екінші түскі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері**
15.00-15.30	**«<u>«Тіл жүйріктігі – ой ұшқырлығы»</u>** ЖаңылтппаштарЕм алатын балаларды бақылау. Кезекші дәрігер
15:40 - 17:00	«Зоопарк» ойыныдала ойындары. Тазааудада серуен
17:00- 17.30	**Шунгит терапия (4 топ)СӨС бойынша сұхбат «Шыныққаң – шымыр боласың»**
17.30-17.55	**Кешкі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (1,2,4 топ) Шунгит терапия (5 топ)СӨС бойынша сұхбат «Шыныққаң – шымыр боласың»**
18.00-18.30	**Кешкі ас.Жауапты- топ тәрбиешілері (3, 5 топ) Шунгит терапия (2 топ)СӨС бойынша сұхбат «Шыныққаң – шымыр боласың»**
18.35-19.25	**«Жақсылық» фильмін тамашалау. Просмотр фильма «Жақсылық». Тәрбиешілер**
19.30-19.40	**Екінші кешкі ас, Жауапты - топ тәрбиешілері (1,2, 4 топ) Шунгит терапия (3 топ) СӨС бойынша сұхбат «Шыныққаң – шымыр боласың»**
19.45-19.55	**Екінші кешкі ас, Жауапты -топ тәрбиешілері (3,5 топ)Шунгит терапия (1 топ)СӨС бойынша сұхбат «Шыныққаң – шымыр боласың»**
20.00-20.30	Жүректен жүрекке шеңбері, Рефлексия. Тәрбиеші. Топ бөлмелері.
20.30-21.00	**Дәруменжәне дәрі қабылдау, кешкі гигиена, Ұйқыға дайындық. Кезекші дәрігер, мед.бикелер, топ тәрбиешілері**
21.00-07.00	**Түнгі ұйқы. Жауапты-түнгі тәрбиешілер мен мед. қызметкерлері**

Дүйсенбі, 24.02.25 ж.					
Уақыт	**1 топ**	**2 топ**	**3 топ**	**4 топ**	**5 топ**
07.00-07.20	Ұйқыдан ояну Балалардың дене қызуын өлшеу, жуыну. Жауапты - кезекші мед.персонал, түнгі тәрбиеші. Дәруменжәне дәрі қабылдау, медбике				
07.20-07.30	Таңғы жаттығу, 1 - этаж . Жауапты - кезекші мед.персонал,түнгі тәрбиеші.				
07.35-07.50	Таңғы ас. Жауапты - тәрбиешілер (1, 3, 4 топ) «Круг радости и добра» (2, 5 топ)				
07.55-08.10	Таңғы ас. Жауапты - тәрбиешілер (2, 5 топ) «Круг радости и добра» (1, 3, 4 топ)				
08.00-8.40	КВН-дағы балаларды қарау Кезекші дәрігер Математика Садуллақызы М.	**Емдік шаралар** **(Физио, Галотерапия)** **Медбике Досанова К. С.**	3 блоктың сан. жағдайын тексеру - аға медбике Төлегенова И. К. Математика Корабаева Ф. Б.	5 блоктың сан. жағдайын тексеру - аға медбике Төлегенова И. К. Математика Есимова Б.К.	Дәрігердің бақылауы Тәрбие сағаты Топ тәрбиешісі
08.45 - 09.25	Массаж Абдраханова Р Русский язык Садуллақызы М.	Дәрігердің бақылауы Математика Сапаралиева С.	Дәрігердің бақылауы Жаратылыстану Корабаева Ф. Б.	Массаж Хасенова Г Қазақ тілі Есимова Б.К.	**Емдік шаралар** **(Физио, Галотерапия)** **Медбике Досанова К. С.**
09.30 – 10.10	Массаж Абдраханова Р Литературное чтение Садуллақызы М.	физио дәрігер бақылауы Қазақ тілі Сапаралиева С.	Дәрігердің бақылауы Қазақ тілі Есимова Б.К.	**Емдік шаралар** **(Физио, Галотерапия)** Дәрігердің бақылауы **Медбике Досанова К. С.**	Массаж Хасенова Г Математика Корабаева Ф. Б.
10.10-10.40	**Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.** **Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.** **Медбике/тәрбиеші**
10.40-11.20	**Емдік шаралар** **(Физио, Галотерапия)** Дәрігердің бақылауы **Медбике Досанова К. С.**	Тіс дәрігер бақылауы Массаж Абдраханова Р Әдебиеттік оқу С.Сапаралиева	физио дәрігер бақылауы . Русский язык Садуллақызы М.	Массаж Хасенова Г Әдебиеттік оқу Есимова Б.К.	Дәрігердің бақылауыы Қазақ тілі Корабаева Ф. Б.
11.20-12.00	Дәрігердің бақылауы Тәрбие сағаты Топ тәрбиешісі	Мед. Бақылау Кезекші медбике Көркем еңбек Сапаралиева С.	Массаж Абдраханова Р. Әдебиеттік оқу Есимова Б.К.	Дәрігердің бақылауы Русский язык Садуллақызы М.	Массаж Хасенова Г Жаратылыстану Корабаева Ф. Б.
12.00-12.25	Түскі ас. Жауапты -- топ тәрбиешілері (1, 3, 4 топ) Шағым бойынша қабылдау (2, 5 топ)				
12.35-13.00	Түскі ас. Жауапты -- топ тәрбиешілері (2, 5 топ) Шағым бойынша қабылдау (1, 3, 4 топ)				
13.00-14.30	Күндізгі ұйқы.Жауапты - топ тәрбиешілері. Криотерапия, медбикелер				
14.30- 15.00	Екінші түскі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері				

15.00-15.40	Массаж Абдраханова Р . Қазақ тілі Серікқызы М.	Физио, индивидуалды емдік шаралар Таза ауада серуендеу	Дәрігердің бақылауы Сөйлеу мәдениеті Садуллақызы М.	Физио, индивидуалды емдік шаралар Таза ауада серуендеу	физио дәрігер бақылауы Таза ауада серуендеу
15.40 -16.20	Дәрігердің бақылауы В мире логики Садуллақызы М.	Емдік шаралар Кітапхаенаға саяхат	**Емдік шаралар** **(Физио, Галотерапия)** Дәрігердің бақылауы **Психолог**	физио дәрігер бақылауы Кітапхаенаға саяхат	Тіс дәрігер бақылауы Ағылшын тілі Тулегенова Меруерт
16.00-17.00	физио дәрігер бақылауы Шығармашылық шеберхана	Дәрігердің бақылауы Ағылшын тілі Тулегенова Меруерт	Физио, индивидуалды емдік шаралар Кітапхаенаға саяхат	Дәрігердің бақылауы Шығармашылық шеберхана	Физио, индивидуалды емдік шаралар Кітапхаенаға саяхат
17.30-17.55	Кешкі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (1, 3, 4 топ) Шунгит терапия (3 топ), СӨС бойынша сұхбат «Аэротерапия»				
18.00-18.30	Кешкі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (2, 5 топ) Шунгит терапия (2 топ), СӨС бойынша сұхбат «Аэротерапия»				
18.35-19.25	**Рақмет саған, Бөбек !»** ашық хат жазу поштасы. Тәрбие сағаты				
19.30-19.40	Екінші кешкі ас, Жауапты - топ тәрбиешілері (1, 3, 4 топ) Шунгит терапия (5 топ), СӨС бойынша сұхбат «Аэротерапия»				
19.45-19.55	Екінші кешкі ас, Жауапты - топ тәрбиешілері (2, 5 топ) Шунгит терапия (1 топ), СӨС бойынша сұхбат «Аэротерапия»				
20.00-20.30	Жүректен жүрекке шеңбері, Рефлексия. Тәрбиеші. Топ бөлмелері. Шунгит терапия (4 топ), СӨС бойынша сұхбат «Аэротерапия» Дәрігердің аралауы, жылуды тексеру және кешкі емдік шаралар өткізу				
20.30-21.00	Дәруменжәне дәрі қабылдау, кешкі гигиена, Ұйқыға дайындық. Кезекші дәрігер, мед.бикелер, топ тәрбиешілері				
21.00-07.00	Түнгі ұйқы. Жауапты-түнгі тәрбиешілер мен мед. қызметкерлері				

СЕЙСЕНБІ, 25.02. 25 ж.					
Уақыт	**1 топ**	**2 топ**	**3 топ**	**4 топ**	**5 топ**
07.00-07.20	**Ұйқыдан ояну дене қызуын өлшеу, жуыну. Жауапты- кезекші мед.персонал, түнгі тәрбиеші.Дәрменжәне дәрі қабылдау, медбике**				
07.20-07.30	**Таңғы жаттығу, 1-этаж . Жауапты- кезекші мед.персонал,түнгі тәрбиеші.**				
07.35-07.55	**Таңғы ас. Жауапты - тәрбиешілер (1, 3, 4 топ)** **«Круг радости и добра» (2, 5 топ)**				
08.10-08.30	**Таңғы ас. Жауапты - тәрбиешілер (2, 5 топ)** **«Круг радости и добра» (1, 3, 4 топ)**				
08.00-8.40	КВН-дағы балаларды қарау Кезекші дәрігер Математика Садуллақызы М.	Тәрбие сағаты Топ тәрбиешісі	Дәрігер бақылауы Джарылгасова У.Д. Математика Корабаева Ф.Б.	5 блоктың сан. жағдайын тексеру - аға медбике Төлегенова И. К. Математика Есимова Б.К.	**Емдік шаралар (Физио,Галотерапия) МедбикеДосанова К. С.**
08.45 - 09.25	МассажАбдраханова Р Русский язык Садуллақызы М.	3 блоктың сан. жағдайын тексеру - аға медбике Төлегенова И. К Математика Сапаралиева С.	**Емдік шаралар (Физио,Галотерапия) МедбикеДосанова К. С.**	Тіс дәрігерінің бақылауы Әдебиеттік оқу Есимова Б.К.	Дәрігер бақылауы Джарылгасова У.Д. Математика Корабаева Ф.Б.
09.30 – 10.10	**Емдік шаралар (Физио,Галотерапия) МедбикеДосанова К. С.**	МассажАбдраханова Р Қазақ тілі Сапаралиева С.	Әдебиеттік оқу Есимова Б.К.	Физиотерапевтің бақылауы Мукашева Н. К. Русский язык Садуллақызы М	Массаж Хасенова Г. М. Психолог Қазақ тілі Корабаева Ф. Б.
10.10 – 10.40	**10.10 – 10.40.** **Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**10.10 – 10.40.** **Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**10.10 – 10.40.** **Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**10.10 – 10.40.** **Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**10.10 – 10.40.** **Екінші таңғы ас. Фито шәй.** **Терренкур.Медбике/тәрбиеші**
10.40-11.20	Физиотерапевтің бақылауы Мукашева Н. К. Естествознание Садуллақызы М	МассажАбдраханова Р Әдебиеттік оқу С. Сапаралиева	Мед. Бақылау Кезекші медбике	Массаж Хасенова Г. М. Көркем еңбек Есимова Б.К.	Массаж Хасенова Г. М. Психолог Жаратылыстану Корабаева Ф. Б.
11.20-12.00	**Емдік шаралар**	Мед. Бақылау Кезекші медбике Русский язык Садуллақызы М.	Мед. Бақылау Кезекші медбике	Мед. Бақылау Кезекші медбике Логика әлемі Есимова Б.К.	Тіс дәрігерінің бақылауы Көркем еңбек Корабаева Ф. Б.
12.00-12.25	**Түскі ас. Жауапты – топ тәрбиешілері (1, 3, 4 топ)** **Шағым бойынша қабылдау (2, 5 топ)**				
12.35-13.00	**Түскі ас. Жауапты – топ тәрбиешілері (2, 5 топ)** **Шағым бойынша қабылдау (1, 3, 4 топ)**				
13.00-14.30	**Күндізгі ұйқы. Жауапты - топ тәрбиешілері.**				
14.30- 14.40	**Екінші түскі ас. Жауапты топ тәрбиешілері (1, 3, 4 топ)**				
14.45-14.55	**Екінші түскі ас. Жауапты топ тәрбиешілері (2, 5 топ)**				

15.00-15.40	**Массаж Абдраханова Р** Қазақ тілі Серікқызы М.	**Жеке емдік шаралар** Сөйлеу мәдениеті Сапаралиева С.	**Жеке емдік шаралар** Оқу, жазу, талдау грамматикасы Садуллакызы М.	**Емдік шаралар (Физио,Галотерапия) Медбике** Таза ауада серуендеу	**СӨС бойынша сұхбаты « Компьютер және денсаулық» Джарылгасова У. Д.**
15.40 -16.20	**Массаж Абдраханова Р** **Дәрігер бақылауы** Таза ауада серуендеу. Қимыл - қозғалыс ойындары	**Емдік шаралар (Физио,Галотерапия) Медбике**	**Жеке емдік шаралар** Логика әлемі Садуллакызы М.	«Батырлар жыры» /жыр-дастандар жаттау/	**Массаж Хасенова Г. М.** «Батырлар жыры» /жыр-дастандар жаттау/
16.20-17.00	**Жеке емдік шаралар** «Мен бақыттты баламын» Фотосессия	**Массаж Абдраханова Р** **Психолог** «Мен бақыттты баламын» Фотосессия	**Жеке емдік шаралар** «Мен бақыттты баламын» Фотосессия	**Дәрігер бақылауы Джарылгасова У. Д.** «Мен бақыттты баламын» Фотосессия	**Массаж Хасенова Г** «Мен бақыттты баламын» Фотосессия
17.30-17.55	**Кешкі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (1, 3, 4 топ)**				
18.00-18.30	**Кешкі ас.Жауапты- топ тәрбиешілері (2, 5 топ)**				
18.35-19.25	**Балаларды шығарып салу**				
19.30-19.40	**Екінші кешкі ас, Жауапты - топ тәрбиешілері (1,3,4 топ))**				
19.45-19.55	**Екінші кешкі ас, Жауапты -топ тәрбиешілері (2, 5 топ)**				
19.55- 22.00	**Балаларды шығарып салу**				

Оқу-сауықтыру кешені директорының м.а. **У.Д.Джарылгасова**

БЕКІТЕМІН
«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені
директорының м. а.
_____ У. Д. Джарылгасова

«Балаларға өмір сыйла!» жобасы

Жетекші: Садуова Б. С.
Орындаған: Дәрушова Ә.Б.

Алматы 2025ж

Мазмұны

1) Аннотация
2) Жоба мақсаты
3) Нәтижесі

Аннотация

Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы қылам. Сөйтіп жүріп, адам атануға ұялмаймын.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Адам баласын игі істерге бастайтын ізгі жүректің қалауы — жақсылық. Жақсылық - күллі тіршіліктің тұтқасы сияқты.

Адам баласы дүниеге келгеннен кейін айналсындағылардан алған тәлім-тәрбиесі, әсері арқылы сана-сезімі қалыптасып, әрнені ойлап, сана сарабынан өткізе бастайды. Ақ пен қараны ажыратып, жақсылықтың, жамандықтың не екенін ұғына бастайды. Анығында, адам жаны жақсылыққа құмар, оны іздеп тұрады, өзіне де, өзгеге де тілейді.

Жақсылық жасасаң мың есе артық болып қайтса, жамандық жасағанын да өз алдына қайта оралары анық. Бұл — өмір заңдылығы.

Сондықтан да, жақсылық жасау үшін адам бойында адамшылық, жанашырлық, мейірімділік сезімдері мен жылы жүрегі болуы керек. Сонда ол жаман әдеттен жиреніп, жақсы әдетке үйренеді. Қолынан келгенше ешкімді де, ешнәрсені де бөліп жармай, бәріне бірдей жақсылық жасауға ұмтылады. Біз де сондай болуға тиіспіз. Әлемдегі барлық адамдар тек қана жақсылық туралы ойлап, жақсылық жасауға ұмтылатын болса, онда әлемде тыныштық, ынтымақ орнайды, адамдар бақытты өмір сүреді.

Осы орайда «Бөбек» оқу - сауықтыру кешенінде «Балаларға өмір сыйла!» атты қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жоба мақсаты:

- балаларды шығармашылыққа баулу;

- қолөнер арқылы әдемілікке, әсемдікке үйрету.

Жобаның міндеттері:

- Ата- бабаларымыздың қолөнері жайлы мәлімет беру;
- Қолөнер бұйымдарының жасалу технологиясымен таныстыру;
- Қыштан, табиғи материалдардан, қағаздан бұйым жасауды үйрету.

Жоба мерзімі: «Табиғат көрінісі» атты сауықтыру ауысымында

Тақырыптың өзектілігі: «Бөбек» ҰҒПББСО оқу-сауықтыру кешенінің кезекті ауысымына келген демалушы балаларды шығармашылыққа баулу, сонымен қатар өз туындыларын бағалай алуға тәрбиелеу. Әсем бұйымдардың бағалы екенін түсінуге үйрете білу.

Күтілетін нәтиже: «Бөбек» орталығы Оқу-сауықтыру кешенінде «Балаларға өмір сыйла!» қайырымдылық жобасы құрылып, жоба бірнеше жылдан бері жұмыс атқарып келеді.

Жобаны атқару барысында барлық бала басқаларға көмек көрсетуге ат салысып, шығармашылық қабілетінен бөлек мейірімділік, қамқорлық, жанашырлық секілді қасиеттерді бойына сіңіреді. Алдыға қойған ең басты мақсатымыз: балалар өз ісінің шеберлері, ісіне тиянақты, адал еңбегінің нәтижесін бағалай алатын еңбеккерлер өсіп шығады.

Бұндай игілікті іс «Бөбек» тарихында алғашқы жасалған іс емес. «Бөбек» ҰҒПББСО оқу-сауықтыру кешенінің сауықтыру кешені көмек көрсетуге әрқашан дайын!

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Есіңе мені алғайсың»
М.Мақатаевтың өлең жолдар кеші
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Байборинова Н.Ж.

Өтетін жері: ОСК, холл
Өтетін уақыты: 15:00
Қатысушылар: 2025 жылдың 2- ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері

Мақсаты:
Мұқағали Мақатаевтың өмірінен оқушыларға мағлұмат беру. Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия құдреті мен әндерін таныту. Балалардың поэзияға, өнерге сүйіспеншілігін арттыру және ақындардың өлеңдері арқылы өз елін, жерін, Отанын сүюге, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ақын портреті, кітап көрмесі, ақын туралы жазылған пікірлер.

Іс - шара барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиешінің алғы сөзі:

Қадірлі өнер сүйер қауым! Аяулы ұстаздар мен қымбатты балалар! Бүгінгі «Есіңе мені алғайсың» атты жыр сайысына қош келдіңіздер!

Жалпы балалар, Мұқағали 1931 жылы 9-шы ақпанда Алматы облысы, қазіргі Райымбек ауданының, Қарасаз ауылында дүниеге келген. Мұқағалидің азан шақырып қойған толық аты –Мұхаметқали. Мұқағали – өз заманының біртуар ақиық ақыны. Оның өлеңдері Отан-ана, туған жер, туған ел, табиғат-ана тақырыбындағы жырлары заман өткен сайын құндылығын жоғалтпай жаңғыра түсуде.

2. **«Үш бақытым» өлеңімен балалардың сахнаға шығуы:**

1-БАЛА: Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
2-БАЛА: Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.
3-БАЛА: Ал екінші бақытым – тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
4-БАЛА: Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
5-БАЛА: Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
6-БАЛА: Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ келдағы от ал менен.
7-БАЛА: Түнін түтет,
Өс, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
8-БАЛА: Жадыңда ұста,
Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер!
9-БАЛА: Үш бірдей бақытым бар алақанда,
Мені мұда бақтты жаратар ма?!
10-БАЛА: Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

3. **Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу:**
- «Үш бақытым» - Бауыржанқызы Айшабибі, Серікқызы Еркеназ
- «Ей өмір» - Алимханова Фатима, Ташкенбай Раян
- «Отан» - Жумадулла Ерсұлтан, Тілеуберген Інжу
- «Қазақ жері» - Мәлік Таңшолпан, Қожатай Асқар
- «Дос болам десең» - Рысқалиқызы Ақмоншақ, Қалдыбай Азат

Ән: *«Жапырақ жүрек жас қайың»*

Қорытынды:

Жылдар өтер...әлі небір ақындар дүниеге келер. Бірақ қара өлең құдіретін аспанға көтерген Мұқағали есімі қашанда биіктен көрінер. Осымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа арналған поэзия кешіміз аяқталады. Жыр әлемінде кездескенше аман сау болыңыздар!

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Ән мен әнші» бала дауысы кеші
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Баймуратова Ж.М.

Өтетін жері: ОСК, холл
Өтетін уақыты: 15:00
Қатысушылар: 2025 жылдың 2- ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты:
Оқушылардың әнге деген қызығушылығын арттыру, әншілік қабілетін, актерлік өнерін, талантын сынау. Өнерге біртабан жақындату.

Іс - шара барысы
Фанфар ойнайды, жүргізуші шығады

1 - жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ән сүйер қауым!
2 - жүргізуші: Қадірменді «көкірегінің көзі ашық, көңілі ояу» ұстаздар және оқушылар! Баршаңызға бүгінгі «Ән мен әнші» сайысына қош келдіңіздер демекпіз.
1 - жүргізуші: Табиғаттың тебіренген, қуанған шағының перзенті - әнші десек, сол перзенттің иесі де, іздеушісі де халқы.
2 - жүргізуші: «Ән көңілдің ажары десек» қәусар сезім мен тояттамас көңіл, шалқыған шаттық пен мұңға тұнған махаббат, буырқанған шабыт пен сабырға көнбес сағынышты да осы әннен табасыз.
1 - жүргізуші: Құрметті жиналған қауым бүгінгі «Саз әлемі» жобасының қатысушыларымен таныстырып өтсем.
1-топ: Сафетдинова Наталья мен Тнеева Райяна

2-топ: Джумабай Жанель

3-топ: Қайрат Айгерім

4-топ: Сағат Райана

5-топ: Мейірбек Сезім

2 - жүргізуші: Алдымен сайыскерлердің ретті санын анықтап алайық. Мына нотаны таңдау арқылы өз реттік сандарыңызды анықтап алайық.

Қатысушыларымызды сахна сыртына шығарып салайық!

1 - жүргізуші: Бүгінгі сайысымызға төрелік ететін, әділ - қазылар алқасымен таныстырып өтсем:

1. Дәрігер: Даулетбакова Ж.М.

2. Топ тәрбиешісі: Құдайбергенова А.Ш.

1-жүргізуші: Сайысымыз 2 кезеңнен тұрады.

1. Қатысушылар кез-келген тақырыпта ән шырқайды

2-ші кезең слайтта сурет беріледі сол бойынша ән айтасыздар.

2 - жүргізуші:
Талаптының айтқанын мен қостайын,
Бәріңізге жақсы бір ой тастайын.
"Ән көңілдің ажары" деген бар ғой.
Бұрынғының жолымен ән бастайын,- дей келе сахнаға номері 1 - ші сайысқа қатысушыны шақырамыз.

1 – жүргізуші: Қол соғып қошеметпен қарсы алыңыздар.
2 – жүргізуші:
Өнерпаздар жарысып сан-саналы,
Жиын десе, той десе жан салады.

Бүгінгі «Ән мен әнші» сайысында,
Әуелеген әсем ән жолданады - сахнада 2 - ші номерлі талапкерімізді ортаға шақырамыз.
1 - жүргізуші: Ажары атқан таңдай ару жастың,
Қасы бар қанатындай қарлығаштың.
Жанары жан біткенді елтіп өскен,
Шапалақ өнеріне әнші жастың - дей келе 3 – ші номелі әнші қызымызды қарсы алайық.

2 - жүргізуші: Сахнада 4 - ші номерлі әншмізді қарсы алайық.
1 - жүргізуші:
Қыз сұлу көрінеді өрнегімен
Тізілтіп сөз маржанын тергенімен.
Жезтаңдай, бұлбұл даусын әнге қосса,
Әнші сұлу көрінер әніменен – деп ақын ағаларымыз жырлағандай келесі 5 - ші номерлі әншімізді ортаға шақырамыз.
2 – жүргізуші: Қазылар алқасы қорытындысын шығарғанша сахнаға «Ана туралы жыр» әнімен Айшаны қарсы алыңыздар!

1 – жүргізуші: Кешімізді қорытындылау үшін сөз кезегін қазылар алқасына берсек.

Қорытынды

Мұғалім: Жарыс заңы ежелден,

Жеңімпазды анықтау. Жеңімпаз болу шарты сол,

Еңбектену жалықпау – дей келе сайысымыздың қорытындысын жариялап, жеңімпаз топты анықтау үшін әділ-қазыларға сөз кезегін беріміз. Сонымен бүгінгі сайысымыз аяқталды, жақсы күндерде жолыққанша күн жақсы болсын!

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Мақал – сөздің мәйегі»
мақал-мәтелдер сайысы
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Дәрушова Ә.Б.

Өтетін жері: ОСК , холл
Өтетін уақыты: 15:00
Қатысушылар: 2025 жылдың 2- ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері

Мақсаты: мақал-мәтелдер қазақтың қысқа әрі нұсқа даналығы , өмірден түйген қорытындысы , тұрмыс айнасы екеніне көз жеткізу, орынды пайдалана білуге үйрену
Көрнекілігі: түрлі-түсті қағаздар
Түрі: сайыс
Сайыстың барысы:
- Мақал-мәтелді білмейтін оқушы жоқ деп айтуға болады, өйткені мақал-мәтелді сендер мектепке келген күннен бастап үйренесіндер. ”Сөздің көркі - мақал” деген аталы сөз бар. Мақалдың көмегімен айтайын дегеніңді ұнамды да ұтымды жеткізуге болады.
Мақал-мәтелді көп біліп ,көп қолданатын адамдардың білімі де, ақылы да арта түседі. Олай болса мақал-мәтел сайысымызды бастайық.
I.Топқа бөлу
I топ «Әріптер». II топ «Қазақ тілі». III топ «Тапқырлар».
I. «Кім жылдам?»
Шарты :Үш тілде мақал-мәтел айту, қай топ қанша мақал айтса, сонша ұпай алады. (Тіл, Отан, оқу-білім туралы)
II. «Аудармашылар»
Шарты: Берілген мақал-мәтелдерді орыс тіліне аудару. (Әр дұрыс жауапқа бір ұпай беріледі.)
Тазалық- денсаулық кепілі . (Тазалық – денсаулық кепілі.)
Еңбек оздырады. (Еңбек дәріптейді.)
Не ексең, соны орасың .(Не ексең, соны орасың.)
Отан - оттан да ыстық. (Отан оттан да ыстық.)

III. "Домино"Берілген мақал-мәтелдерді дұрыс құрастыру.
(Әр дұрыс жауапқа бір ұпай беріледі.)
1.Құрмет, тілге ,құрмет-елге.
2. Жерде, тіл ,жоқ ұлт, жоқ.
3. Тас жарады,тас, тіл жармаса, бас жарады
1.Тілін біл,жеті түрлі, жеті жұрттың, білім біл.
2.Ұяда, ұшқанда ,соны іледі, не көрсе
3. Мектеп, білім- теңіз кеме .
Жауабы:
1.Тілге құрмет-елге құрмет.
2.Тіл жоқ жерде – ұлт жоқ.
3.Тіл тас жарады,тас жармаса, бас жарады.
1.Жеті жұрттың тілін біл,жеті түрлі білім біл.
2.Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі.
3.Білім- теңіз, мектеп- кеме
IY. «Конверттегі сұрақ» Оқушылар, әр тақырып төңірегінде шағын мақалды әңгіме құрау керек. Қойылатын шарт, әңгіменің ішінде мақал-мәтелдер болуы керек. 4-5 сөйлем.
1-тақырып: Тіл – асыл қазына.
2-тақырып: Отан-елдің анасы.
3-тақырып: Еңбек түбі - береке
YIII. Қорытынды. (толғаныс)
1.Бүгінгі сайыс сендерге ұнады ма?
2.Сайыс қалай өтті?
3.Мемлекеттік тілді үйренуде мақал-мәтелдерді білу не үшін қажет?
Марапаттау.

Оқу-сауықтыру кешені директорының м.а. **У.Д.Джарылгасова**

«Бөбек» ҰҒПББСО
оқу сауықтыру кешенінің
2025 жылғы 04 ақпан 25 ақпан аралығындағы
медициналық ауысым есебі.
Бала саны – 110, 3-4 сынып оқушылары;
Ауысым тақырыбы: «Табиғат көрінісі»

Аймақ бойынша сауықтырылған балалардың сандық көрсеткіші

№ р/н	Облыстар атауы	Балалар саны	
		жоспарға сәйкес	нақты келген
1	Астана қаласы	10	11
2	Атырау облысы	10	10
3	Алматы облысы	-	3
4	Ақтөбе облысы	10	10
5	Батыс Қазақстан облысы	10	8
6	Жамбыл облысы	10	10
7	Жетісу облысы	10	10
8	Маңғыстау облысы	10	9
9	Қызылорда облысы	10	9
10	Түркістан облысы	10	10
11	Шымкент қаласы	10	10
12	Шығыс Қазақстан облысы	10	10
	Қорытынды	**110**	**110**

Жол жүрерде ауырып қалуына және отбасылық жағдайына байланысты Батыс Қазақстан облысынан 2 бала, Маңғыстау облысынан 1 бала, Қызылорда облысынан 1 бала келмеді, орындарына Астана қаласынан 1 бала, Алматы облысынан 3 бала қабылданды.

Балалардың әлеуметтік жағдайы

Әлеуметтік жағдай	абс. сан	%
Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар	3	2,7
Аз қамтылған отбасынан	10	9,1
Жетім балалар	3	2,7
Көп балалы отбасынан	94	85,5
Жалпы балалардың ішінен - ауылдық	69	62,7
- қалалық	41	37,3
Экологиялық қолайсыз аймақтан келген балалар саны: 1. Ақтөбе облысы: - Байғанин ауданы - 5 - Ырғыз ауданы -5 2. Қызылорда облысы -10	20	18,2

Қабылдау кезінде жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында, дәрігерлер мен мейірбикелер балаларды битшеңдік, котыр мен қышыма және жұқпалы ауруларға қарап тексеріп, балалардың денсаулығы туралы қорытындыны медициналық картаға (нысан №003/у) 2020 жылғы 30 қазандағы №907 ҚР ДСМ - 175/2000 бұйрығымен тіркелген.

Ауысым барысында күнделікті дәрігерлердің медициналық тексеруі, жалпы иммунитет көтеретін сауықтыру рәсімдері тағайындалды: жеткілікті толық түнгі ұйқысы және күндізгі демалысы үйлестірілген емдік-қорғау тәртібі, күніне 6-мезгіл емдік-сауықтыру-тамақтандыру (диета) №15; 3-ші тағамға «С» дәруменін қосу; дәрумендермен емдеу: дәрумені тұнба 50 мл-ден күніне 1 рет; климат әсерімен емдеу (ауа ванналары); шунгитотерапия (жалаң аяқ жүру); галотерапия (тұзбен емдеу); криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау), көзге арналған жаттығу, таңертеңгілік жаттығу және бейімделген дене шынықтыру, инфекцияның созылмалы ошақтарын емдеу және әр балаға оның жасын, физикалық және психоэмоционалды жағдайын ескере отырып, жеке сауықтыру бағдарламасы жасалынды.

Аурудың көрсеткіштері бойынша Жанай Арайлымға - №9 емдік столы (диета) тағайындалды.

Балалардың аурушаңдық құрылымы

№	Аурулардың атауы	абс. саны	%
1	Ақуыз-энергетикалық жетіспеушілігі	29	26,4
2	Артық дене салмағы	2	1,8
3	Жиі ауыратын бала (бадамша таңлай гипертрофиясы, созылмалы тонзиллит, ринит, мұрын пердесінің қисаюы, созылмалы пульпит, созылмалы периодонтит, кариес, тістің орналасу аномалиялары)	43	39,1
4	Жақ-бет аймақ кемістігі – таңдай жырығы, отадан кейінгі жағдай	1	0,9
5	Қан аздық	32	29,1
6	Тері аурулары (Атопиялық дерматит)	1	0,9
7	Зәр шығару аурулары – қуық дисфункциясы	2	1,8
	Қорытынды:	**110**	**100**

Лор дәрігері мен тіс дәрігерінің (стоматологтың) мұрын-жұтқыншақ, тіс және ауыз қуысы инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі жүргізілді.

Мамандар	Жалпы балалар саны	Мұқтаж	Емделді
Тіс дәрігері	110	96/87,2%	45/46,8%
Лор дәрігері	110	13/11,8%	13/11,8%

Жеке физиотерапиялық процедураларды ауруға байланысты әр балаға дәрігер/физиотерапевт тағайындады және жеке қажеттілігіне қарай балаларға күніне 2-3 түрлі физиопроцедуралар түрі жүргізілді.

Физиотерапиялық процедуралар түрі

Физиопроцедуралар түрі	**Процедура саны/процедура бірлігі**
Альфакапсула	119/595
«Биоптрон» шамы	201/301,5
Дарсонваль тоғы	188/470
Магнитпен емдеу	189/567
Жылумен емдеу (теплон)	17/51
Емдік уқалау (массаж)	770/1117
Электрофорез	182/364
УЗТ терапия	30/75
СМТ терапия	162/486
Ингаляция	57/57
Фитотерапия	2200/2200
Галотерапия	1650/1650
Шунгитотерапия	22000/2200
Криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау)	840/840
Парафинмен емдеу	59/147,5
Ультра фиолетті сәулелендіру (УФО)	555/832,5
Қорытынды	**9419/11953,5**

Сауықтыру тиімділігі: денсаулығы айтарлықтай жақсарған және едәуір жақсарған балалар саны 104/94,5%, өзгеріссіз 6/5,5%.

Алматы қаласы клиникалық ауруханаларына қаралғандар:

Мекеме атауы:	**абс**	**%**
№5 Қалалық клиникалық ауруханасы	3	2,7

1. 17.02. Бексұлтанұлы Бейбарыс 28.10.2016ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасы стоматолог – хирургтің қабылдауында болып, ауыз қуыс жақ аймақтарына панорамалық рентген жасалынды. «46 тістің созылмалы периодонтиті» диагнозы қойылып, дәрігер кеңесі берілді, симптоматикалық ем қабылдады.

2. 20.02. Алдаберген Иманғали 06.02.2015ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасы лор дәрігердің қабылдауында болып, «Жедел түрдегі назофарингит, созылмалы ортаңғы құлақтың сол жақты іріңді қабынуы» диагнозымен дәрігер кеңесі берілді, симптоматикалық ем қабылдады.

3. 20.02. Алмуханова Жанбота №5 Қалалық клиникалық ауруханасы лор дәрігердің қабылдауында болып, «Сол жақты паратонзиллярлы абцесс диагнозы қойылып, жергілікті анестезия жасалынып, іріңі тазаланды, симптоматикалық ем қабылдады.

Балалар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында медицина қызметкерлері ақпараттық - ағарту жұмыстарын жүргізді. Балалардың Отанга деген сүйіспеншілігін, рухани -мәдениетін көтеру максатында Алматы хайуанаттар бағына және Орталық мемлекеттік мұражайына саяхаттар ұйымдастырылды.

Сенсорлық бөлмеде балалармен топтық реалаксация сағаттары өткізілді. Оқу-тәрбие және демалыс іс - шаралары, мерекелік іс – шаралар, конкурстар, шығармашылық шеберхана және жобалар жоспарға сәйкес өткізілді.

Ата-аналар пікірлері:


Құрметті «Бөбек» санаториясының ұжымы, Алматы қаласындағы!
Біздің балаларымыз үшін жасаған керемет жағдайларыңызға, ерекше қамқорлығыңыз бен жанашырлықтарыңызға шексіз алғысымызды білдіреміз.
Балаларымыз 21 күн бойы осындай тауда, тамаша жерде демалып, денсаулықтарын нығайтып, жаңа достар тауып, жарқын естеліктерге толы сәттерді бастан өткерді.
Санаторияның әрбір тәрбиешілеріне алғысымыз шексіз!
Әр балаға ерекше көңіл бөліп, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, бақытты сәттер сыйлағандарыңыз үшін сіздерге ризашылығымыз шексіз.
Сіздің мейірімділігіңіз бен жауапкершілігіңіз балалардың жүрегінде мәңгілік сақталады.

Сонымен қатар, басшылыққа алғысымызды айтамыз.
Сіздердің қасиеттіліктеріңіз бен ұйымшылдығыңыздың арқасында

Сәлеметсіз дерме! Құрметті Бөбек ұжымы және жетекші апайлар! Рахмет балаларымыз аман есен жетіп алыды. Мәз, қуанышты. Айтып тауса алмай жатыр
Сіздерге жұмыста табыс, отбасыда тек қуаныш бола берсін! Алдағым сіздерге тек жақсылық нәсіп етсін! Көп көп рахмет

Сәлеметсіздерме! Бобек ұжымының тәрбиеші апайлары сіздерге көп көп рақмет! еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер. Қыздарымыз таңертен келді аман есен! жаксы күндерде қайта кездескенше

Рахмет. Апайларымызға Балбобек ұжымына алғысым шексіз Қызыма ұнады.
Жазда тағы барамын деп келді. Қатты ұнады көп көп рахмет сіздердей. Мейірімді жандарға

Сообщение

Laura +7 705 630 7212
Саламатсыздарма! Актобе облысы Ырғыз ауданынан Ырғыз #2 жалпы билим беретин орта мектебинен 3 сынып окушысы Дастанбекулы Аянат лагерге барган болатын. Барлык тарбиешилерге Ана ретинде алгысым шексиз.Баламмен унеми байланыста отырдым.Жумыстарын керемет жасайды екен. Саяхаттаган жерлерди,турли ойындарды ойнап журген суреттерин жиберип отырды.Енбекте жемисти болыныздар. Шыгармашылык табыс тилеймин. Бобек сауыктыру орталыгынын ужымына ракмет.
14:58

Assetgul +7 778 786 7396
Сәлеметсіздерме. Бөбек ұжымына алғаш алысқа шығып тұрғаны. Қатты ұнады деп жатыр. Рахмет сіздерге. Еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер
11:01

~ Айжан +7 706 236 3059
Хочу выразить Вам огромную благодарность
За Ваше терпение, заботливость, ответственность и профессионализм

Доча счастлива, много ярких и искренних эмоции

Я благодарна всем
У ребенка добавилась много теплых, счастливых, прекрасных воспоминаний о счастливом детстве

Оқу-сауықтыру кешені директорының м.а. У.Д.Джарылгасова

Фото-есеп	
 Ауысым барысындағы күнделікті балалар дәрігерлерінің медициналық тексеруі және бақылауы.	 Сауықтырылуға келген барлық балалар стоматологиялық кабинетте профилактикалық тексеруден өтеді және тістер мен қызылиек аурулары болған жағдайда тиімді ем алады.
 Балалардың денелік (физикалық) даму деңгейін анықтау үшін түрлі функционалдық сынамалар жасалынады, яғни баланың жатқан күйіндегі пульс жиілігі мен артериалды қысымы (Генче сынамасы), бойы мен салмағының сәйкестігі өлшенеді.	 СКЭНАР - терапия иммундық жүйесі әлсіреген балалардың денсаулығын жақсарту үшін өте пайдалы. СКЭНАР аппаратымен емдеудің бұл түрі ауруды бәсеңдететін және қабынуға қарсы әсерге ие, жүйке жүйесін тыныштандырып, рухани және физикалық денсаулықты нығайтуға ықпал етеді.

Емдік уқалау (массаж) –бұл адам ағзасына механикалық және рефлекторлық әсер ететін медициналық әдіс.
Емдік уқалаудың ағзаға кең ауқымды әсер етуі және дәрі-дәрмексіз пайдалануымен ерекшеленеді. Сауықтыру ауысымына келген барлық балалар емдік уқалау шарасын алады.

Магнитотерапия- бұл төменжиілікті ауыспалы немесе тұрақты магнит өрісі қолданылатын физиотерапия әдісі. Физиотерапияның бұл әдісін оқу-сауықтыру кешеніне денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға жоғарғы тыныс жолдарының аурулары, көз патологиясы, өт шығару жолдарының қабыну кезінде сауықтыру және оңалту үшін кеңінен қолданылады.

Альфа массажды капсула денсаулықты сауықтыру, оңалту және жағымды музыкалық терапия әдісі ретінде қолданылады. Балалардың көңіл-күйін көтеріп, рухани және физикалық денсаулығын жақсартады.

Ультрадыбыстық терапия – емдік мақасатта ультрадыбыс қолданатын емдеу әдісі. Ауыспалы акустикалық қысым тіндердегі температураның жоғарылауына әкеледі, микроайналымды жақсартады. Ультрадыбыстық толқындардың ықпалынан асқынулар, ауырсыну, қышыну, ісіктер азаяды, қалпына келу үдерістері күшейеді.

 Ультракүлгін сәулелерімен емдеу – ағзаның қызметін ынталандырудың тиімді құралдарының бірі. Оқу-сауықтыру кешенінде ультракүлгін сәулелері суықтың алдын алу және иммунитетті нығайту мақсатында кеңінен қолданылады.	 Полярланған жарық тарататын «Биоптрон» сәулесі балаларға жағымды, қауіпсіз емдеуді ұсынады және ағзаның қорғаныс жүйесін арттырады. Биоптрон сәулесі әр түрлі аллергия және тері ауруларында, тыныс жолы ауруларында ағзаны сауықтыру үшін қолданылады.
 Галотерапия - бұл денсаулықты нығайту үшін аурудың алдын-алу, сауықтыру және оңалту әдісінің бір түрі. Балалар сауықтыру ауысымы кезінде рухани рухани және физикалық денсаулықтың күш-қуаты мен үйлесімін арттыруға ықпал ететін галотерапия емдік шараларын күнде қабылдайды.	 Итмұрынның тамыры, жапырағы, жемісі адам ағзасына өте шипалы. Итмұрын өсімдігінің кептірілген түрінен балаларға күнделікті тоспа қайнатып, сусын (фитотерапия) ретінде қайнатып ұсынылады.

 Ингаляциялық терапия - жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының алдын алу және емдеудің ең қауіпсіз және тиімді әдістерінің бірі . Ингаляция қабылдау кезінде препараттар тыныс алу жолдарына тез және тиімді әсер етеді.	 Дарсонваль - физиотерапиядағы сауықтыру - емдеу әдістерінің бірі. Дарсонваль аппаратын күнделікті қолдану балаларға суықтың алғашқы белгілерімен күресуге, иммунитетті нығайтуға, ас қорыту жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіруге, көгерген кезде ауырсыну мен қабынуды жеңілдетуге, жүйке жүйесін тыныштандыруға мүмкіндік береді.
 Амплипульстерапия- күші төмен айнымалы синусоидальды модульдік токтармен әсер ететін электрмен емдеу әдісі. Оқу-сауықтыру кешенінде бұл әдіс сауықтырудың жұмсақ және мүлдем қауіпсіз әдісі ретінде кеңінен қолданылады.	 Шунгит өзінің сиқырлы, емдік қасиеттерімен танымал минерал. Балалар алғашқы күннен бастап арнайы төселген "Денсаулық жолымен" 4-5 минут жүреді, күн сайын 1 минут қосып, 10 минутқа дейін жеткізеді. Шунгит тастарда жалаң аяқ жүру табанда орналасқан нүктелердің белсенділігін арттырады және жалпақ табандылықтың алдын алады.

Парафин-озокерит жапсырмалары денені қыздырып, қан тамырларын кеңітеді. Ауырған жердің қан айналысын қалпына келтіріп, ауырғанын басады, ісігін қайтарады. Парафинмен емдеу тырысқан бұлшық еттерді босаңсытуға және қабыну аурулары мен олардың алдын алуға ықпал ететін жылулықпен емдеу әдісі.

Табан аймағында белсенді биологиялық аймақтар шоғырланғаны белгілі, олар ішкі ағзаның жұмыс белсенділігін арттыруға үлес қосады. Денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға мұз түйіршіктерімен массаж жасау арқылы бала денесінің әр түрлі жүйелерінде елеулі оң жылжуды ынталандыратын, терінің температурасы рұқсат етілген деңгейдің төменгі шегіне дейін төмендеген кезде жедел реакцияға және сауықтыруға бағытталған бұл әдіс кеңінен қолданылады.

Балалар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында медицина қызметкерлері санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізіп, «Ас – адамның арқауы» тақырыбында дәрістер оқыды.

«Бөбек» оқу-сауықтыру кешені аумағында балаларға арнайы баспалдақпен көтерілуге арналған ойын алаңы, шөпті спорт және соқпақ жолдар алаңы ұйымдастырылған. Жаяу серуендеу физикалық төзімділіктің жоғарылауына, денені сауықтыру мен нығайтуға арналған психо-эмоционалды белсенділікті қалыпқа келтіруге ықпал етеді.

Баланың рухани және физикалық дамуы, оның энергиясы мен жақсы көңіл-күйін арттырудың маңызды шарты - теңдестірілген, дәрумендер мен минералдармен байытылған тамақтану. Балалар сауықтыру ауысымы бойы жасына сәйкес келетін құнарлы 6 реттік теңгерімді тамақтанумен қамтамасыз етіледі

Балалардың әр күні дұрыс ұйымдастырылған «Қимыл белсенділігін арттырайық» ұранымен басталады. Әр топта бейімделген емдік дене шынықтыру сабақтарында қимыл-қозғалыс жаттығулары мен спорттық квест ойындары баланың адамгершілік және рухани денсаулығын нығайту мақсатында өткізіледі.

Оқу процесі мемлекеттік стандартқа сәйкес ұйымдастырылды, оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілді;
- бастауыш мектеп бағдарламасы оқушыларды адамгершілік-рухани тәрбиелеуге, олардың оқу іс-әрекеті дағдыларының, мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтының негіздерін, оқу техникасын, жазу үлгісін, есепті меңгеруіне, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін анықтауға және дамытуға бағытталған

Ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы қазақ поэзиясының алтын қоры болып табылады. Оқу-сауықтыру кешенінде «Есіңе мені алғайсың» атты шығармашылық кеш өтті. Кеште балалар ақынның өмірі мен шығармашылығымен танысып, өлеңдерін тебірене оқыды. Кештің мақсаты - балалардың поэзияға, өнерге сүйіспеншілігін арттыру және ақындардың өлеңдері арқылы өз елін, жерін, Отанын сүюге, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Балалар арасында «Мақал – сөздің мәйегі» атты байқау өткізілді . Мақал-мәтелдер - бұл іс жүзінде жинақталған ойлардың ұтқыр да ұтымды көрінісі. Мұндай іс-шара балалардың бойына патриотизм, адамгершілік, мейірімділік және үлкендерге деген құрметті дамытып, рухани даму мүмкіндіктерін ашады.

21.02. күні "Балаларға өмір сыйла!" қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Балалардың түрлі-түсті қағаздан, бисерден, ермексаздан жасаған бұйымдары мен әшекейлері сатылуға қойылды.
Жобаның міндеттері: Ата- бабаларымыздың қолөнері жайлы мәлімет беру, қолөнер бұйымдарының жасалу технологиясымен таныстыру, табиғи материалдардан, қағаздан бұйым жасауды үйрету, балаларды шығармашылыққа баулу, сонымен қатар өз туындыларын бағалай алуға тәрбиелеу және әсем бұйымдардың бағалы екенін түсінуге үйрете білу.

13.02. тәрбиеші Узенова Рахия Нұрмаханбетовна «Тәрбиемен ұштасқан шығармашылық» тақырыбында тікелей эфирде сөз сөйледі. Өз сөзінде Рахия Нұрмаханбетовна Қазақстан аймақтарынан келген балалармен жүргізілетін рухани-адамгершілік тәрбие жұмыстары туралы айтып берді.

Ата-аналар пікірлері:

Құрметті «Бөбек» санаториясының ұжымы, Алматы қаласындағы!
Біздің балаларымыз үшін жасаған керемет жағдайларыңызға, ерекше қамқорлығыңыз бен жанашырлықтарыңызға шексіз алғысымызды білдіреміз.
Балаларымыз 21 күн бойы осындай тауда, тамаша жерде демалып, денсаулықтарын нығайтып, жаңа достар тауып, жарқын естеліктерге толы сәттерді бастан өткерді.
Санаторияның әрбір тәрбиешілеріне алғысымыз шексіз!
Әр балаға ерекше көңіл бөліп, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, бақытты сәттер сыйлағандарыңыз үшін сіздерге ризашылығымыз шексіз.
Сіздің мейірімділігіңіз бен жауапкершілігіңіз балалардың жүрегінде мәңгілік сақталады.

Сонымен қатар, басшылыққа алғысымызды айтамыз.
Сіздердің кәсібилігіңіз бен ұйымшылдығыңыздың арқасында


Переслано
Сәлеметсіз дерме! Құрметті Балбөбек ұжымы және жетекші апайлар! Рахмет балаларымыз аман есен жетіп алыды. Мәз, қуанышты. Айтып тауса алмай жатыр.
Сіздерге жұмыста табыс, отбасыда тек қуаныш бола берсін! Аллаһым сіздерге тек жақсылық нәсіп етсін! Көп көп рахмет
20:45
Переслано
Салеметсіздерме! Бөбек ұжымының тәрбиеші апайлары сіздерге көп көп рақмет! еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер. Қыздарымыз таңертен келді аман есен ! жақсы күндерде қайта кездескенше
20:45
Переслано
Рахмет. Апайларымызға Балбөбек ұжымына алғысым шексіз Қызыма ұнады.
Жазда тағы барамын деп келді. Қатты ұнады көп көп рахмет сіздердей. Мейірімді жандарға
20:45
Переслано
Сообщение

~Assemgul +7 778 736 7396
Сәлеметсіздерме. Бөбек ұжымына алғысымыз шексіз. Баламның алғаш алысқа шығып тұрғаны. Қатты ұнады деп жатыр. Рахмет сіздерге. Еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер
11:01
~Айжан +7 700 238 5059
Хочу выразить Вам огромную благодарность
За Ваше терпение, заботливость, ответственность и профессионализм
Доча счастлива, много ярких и искренних эмоции
Я благодарна всем
У ребенка добавилась много теплых, счастливых, прекрасных воспоминаний о счастливом детстве
11:01

Әлеуметтік желіде жарияланған материалдар:

1. Тәрбиеші Ә.Б.Дәрушова: Ойын арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру





2. Тәрбиеші Л. Қ. Момбекова: Табиғат ұлы ұстаз!

Әлеуметтік желілердегі посттарға сілтемелер

1. **«Қош келдің, Бөбекке!»**
https://www.instagram.com/p/DFu7df1qBpv/?igsh=MW5zOTh2bzE4bGd6
2. **Балалардың топтық өнер кеші**
https://www.instagram.com/p/DGOHJJ_KuMb/?igsh=ejM2OG02NGY0d3Jz
3. **«Дәрумендер - денсаулық кепілі»**
https://www.instagram.com/p/DGNOAtXq_x4/?igsh=bHQ4ZW9yanowMGdt
4. **«Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер»**
https://www.instagram.com/p/DGFdM8YKRnm/?igsh=MXdrODhoMzNnc3RrZg==
5. **Тікелей эфирге анонс**
https://www.instagram.com/p/DF-huoXqKog/?igsh=c3AxNWFodWZsa2Zo
6. **«Тәрбиемен ұштасқан шығармашылық» тікелей эфир**
https://www.instagram.com/p/DGA5hZmKJ40/?igsh=NGV1YzNpNzhhMmw2
7. **Тұзбен емдеу емдік шарасы**
https://www.instagram.com/p/DF-wQQdKAsL/?igsh=bnp6MDAwbHh4bXI5
8. **Ас –адамның арқауы**
https://www.instagram.com/p/DGPzsO4q-V-/?igsh=MWt0enN1Z2h5bWxiaQ==
9. **“Есіңе мені алғайсың”**
https://www.instagram.com/p/DGR86P1qVOa/?igsh=MTl4N3F6M2EyYzJodQ==
10. **Мақал – сөздің мәйегі**
https://www.instagram.com/p/DGR9D9RqxVa/?igsh=ZHk3Z3I5cXU3Ynhr

Ауысым туралы бейнематериалдар (ролик)
https://drive.google.com/file/d/1NFkdOpuiLrSYQGJ_JefiFwfGPfvwNoj_/view?usp=drive_link